

Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылдың егінінен астық дайындау тәртібі туралы < \* >

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 8 қыркүйек 1994 ж. N 1013. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.**

Республикада қалыптасқан қаржы-кредит қиындығына байланысты және мемлекет мұқтажы үшін астық дайындауды қамтамасыз ету, мұнай өнімдерінің орталықтандырылған беріміне қарызын ауыл шаруашылық тауарларымен өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылдың егінінен "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясына шаруашылықтардың астық беруі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мемлекет мұқтажы үшін 1994 жылға ауыл шаруашылық өнімдерінің жекелеген түрлерін сатып алу көлемін көрсетпеу туралы" 1994 жылғы 8 тамыздағы N 883 қаулысында белгіленген көлемде  
м ы н а д а й ж а ғ д а й д а :

а) "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының шаруашылықтарға берілген күнгі нақты құнын басшылыққа ала отырып үшінші класты бидайдың үштен бір бөлігіне түсті мұнай өнімдерінің орташа бір бөлігінің ара қатынасында берген мұнай өнімдеріне;

"Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясы мен "Ақ жол" және "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдингтік компанияларының астықтың құны мен материалдық-техникалық ресурстарды берген күнгі құнын басшылыққа ала отырып оның көлеміне;

б) "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы контрактация шартында баяндалған сатып алу бағасына төлем жасау күнгі дағдарысты ескере отырып, қаржы ресурстарын іздестіру жағдайына қарай, бірақ 1994 жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей, астықтың контракт жасалған көлемінің қалған бөлігіне (алынған мұнай өнімдері мен материалдық-техникалық ресурстар үшін есеп айырысқаннан кейін қалғанына) төлем жасап, есеп айырысу тәртібімен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Осы астықты өңдеу мен сақтау мақсатында астық қабылдау кәсіпорындарына беру оған есеп айырысу жайына қарамастан егін орағы кезеңінде немесе тікелей

ол аяқталғанда жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы мақсаттарға қажетті қаржы ресурстарын бюджетте жинақтауды және бөлуді қамтамасыз етсін.

2. Облыстардың әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Астық", "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниялары және "Ақ жол", "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниялары ведомстволық бағыныстағы ұйымдар арқылы мемлекет мұқтажы үшін астық беру жөніндегі тиісті шарттарды хаттайтын болсын.

Астық болмаған немесе өнімдер сапасыз болған жағдайда агроөнеркәсіп кешенінің шаруашылық жүргізуші субъектілерін қарыздарды басқа ауыл шаруашылық өнімдерімен немесе мүлікпен өтеу жөнінде кепілдікпен қамтамасыз етсін.

3. "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясы "Мұнай өнімдері" "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компанияларына және "Ақ жол", "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдинг компанияларына мемлекет мұқтажына арналған астыққа төлем тәртібімен ауыл шаруашылығына берілген мұнай өнімдері мен басқа да материалдық-техникалық ресурстар құнына қарызын өтеуді оны іздестіру жағдайына қарай республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырсын.

4. Облыстар мен аудандардың әкімдері тауар өндірушілердің мемлекеттік ресурсқа бірінші кезекте астық беруіне қатаң бақылау жасасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі